8) 2,3,4,5,6,7-бағандарда ерекше тәртіп бойынша және есепті кезеңде жоспардан тыс жүргізілген барлық тексерулердің нәтижелері ескеріледі; Егер есепті кезең ішінде объект бұзушылықтарды жойса және санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес келсе, онда 6,7-бағандарға енгізілмейді;

9) 8-бағанда санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттелген тамақ өнімдері сынамаларының жалпы саны көрсетіледі;

10) 9-бағанда санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген тамақ өнімдері сынамаларының жалпы санынан НҚ-ға сәйкес келмейтін сынамалар саны көрсетіледі;

11) 10-бағанда микробиологиялық көрсеткіштерге зерттелген тамақ өнімдері сынамаларының жалпы саны көрсетіледі;

12) 11-бағанда микробиологиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген тамақ өнімдері сынамаларының жалпы санынан НҚ-ға сәйкес келмейтін сынамалар саны көрсетіледі;

13) 12-бағанда микробиологиялық көрсеткіштерге зерттелген тамақ өнімдері сынамаларының жалпы санынан патогенді микрофлораға зерттелген тамақ өнімдері сынамаларының саны көрсетіледі;

14) 13-бағанда патогенді микрофлораға зерттелген тамақ өнімдерінің оң сынамаларының саны көрсетіледі;

15) 8, 9, 10, 11, 12, 13-бағандарға тек дайын өнімді зерттеу ғана кіреді және бұл нәтижелер тамақ объектісінің жұмысын және шығарылатын өнімнің қауіпсіздігін сипаттайтын болады;

16) 14-бағанда шайындылардың жалпы саны көрсетіледі;

17) 15-бағанда оң шайындылардың саны көрсетіледі;

18) 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23-бағандарға объектілерді мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау барысында ерекше тәртіп бойынша және есепті кезеңде жоспардан тыс жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша әкімшілік шараларды қолдану жөніндегі деректер енгізіледі;

19) 16-бағанда ерекше тәртіп бойынша тексерулер және жоспардан тыс тексерулер нәтижелері бойынша сотқа берілген материалдардың саны көрсетіледі;

20) 17-бағанда сотқа берілген материалдардың жалпы санынан сот қабылдаған шешімдердің саны көрсетіледі;

21) 18-бағанда объектінің қызметін тоқтата тұру туралы соттың қабылдаған шешімдерінің саны көрсетіледі;

22) 19-бағанда "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексі көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін есепті кезең үшін салынған айыппұлдардың саны көрсетіледі;

23) 20-бағанда "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексі көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін есепті кезең үшін өндіріп алынған (төленген) айыппұлдардың жалпы сомасы көрсетіледі;

24) 21-бағанда орындау мерзімі есепті жылы көзделген ұсыныстарды қамтитын санитариялық қағидаларды бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың саны көрсетіледі;

25) Егер барлық тармақтар есепті жылы орындау мерзімімен орындалса, "оның ішінде мерзімінде орындалғаны" деген 22-бағанда нұсқамалар енгізіледі; Егер орындау мерзімі есепті жылы аяқталатын нұсқаманың жоқ дегенде бір тармағы орындалмаса, нұсқама орындалмаған болып есептеледі;

26) 23-бағанда ерекше тәртіп бойынша тексерулер және жоспардан тыс тексерулер нәтижелері бойынша қаулымен жұмыстан шеттетілген адамдардың саны көрсетіледі;

27) 01-жолда 2, 17, 18, 21, 24, 25-жолдар бойынша жиынтық қосылады.

28) 11. "Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін зертханалық зерттеу" 10- кестесі мыналарды қамтиды:

29) 10-кестеге мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау бойынша азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сынамаларын зерттеу енгізіледі;

30) 1-бағанда санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;

31) 2-бағанда санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан НҚ-ға жауап бермейтін сынамалар саны көрсетіледі;

32) 2-бағанда сынама нормативтерге сәйкес келмейтін көрсеткіштер санына қарамастан бір рет есепке алынады; Егер сынама бірнеше көрсеткіштер бойынша нормативтерге сәйкес келмесе, онда ол әрбір тиісті баған бойынша ескеріледі (3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15);

33) 3-бағанда органолептикалық көрсеткіштер бойынша НҚ-ға жауап бермейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

34) 4-бағанда физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша НҚ-ға жауап бермейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

35) 5-бағанда уытты химиялық элементтердің құрамы бойынша НҚ талаптарына жауап бермейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;;

36) 6-бағанда микотоксиндердің құрамы бойынша НҚ талаптарына жауап бермейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

37) 7-бағанда бенз(а)пиреннің құрамы бойынша НҚ талаптарына жауап бермейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

38) 8-бағанда нитрозаминдердің құрамы бойынша НҚ талаптарына жауап бермейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

39) 9-бағанда санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген, жануарлар тінін сәйкестендіру бойынша НҚ талаптарына жауап бермейтін сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

40) 10-бағанда генетикалық түрлендірілген организмдердің құрамы бойынша НҚ талаптарына жауап бермейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

41) 11-бағанда санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан таңбалау бойынша НҚ талаптарына жауап бермейтін сынамалар саны көрсетіледі;

42) 12-бағанда антибиотиктердің құрамы бойынша НҚ талаптарына сәйкес келмейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

43) 13-бағанда гормондардың құрамы бойынша НҚ талаптарына сәйкес келмейтін санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан сынамалар саны көрсетіледі;

44) 14-бағанда санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген ұн сынамаларының жалпы санынан ұнды фортификациялау жөніндегі премикстердің құрамы бойынша НҚ талаптарына жауап бермейтін ұн сынамаларының саны көрсетіледі;

45) 15-бағанда санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша зерттелген сынамалардың жалпы санынан май қышқылдары (трансмайлардың) құрамы бойынша НҚ талаптарына сәйкес келмейтін сынамалар саны көрсетіледі;

46) 16-бағанда пестицидтердің қалдық мөлшеріне зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;

47) 17-бағанда НҚ талаптарына сәйкес келмейтін пестицидтердің қалдық санына зерттелген сынамалар саны көрсетіледі;

48) 18-бағанда микробиологиялық көрсеткіштерге зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;

49) 19-бағанда НҚ талаптарына сәйкес келмейтін микробиологиялық көрсеткіштерге зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;

- 50) 20-бағанда паразитологиялық көрсеткіштерге зерттелген сынамалар саны көрсетіледі;
- 51) 21-бағанда НҚ талаптарына сәйкес келмейтін паразитологиялық көрсеткіштерге зерттелген сынамалар саны көрсетіледі;
- 52) 22-бағанда барлық жарамсыз және жойылған шикізаттың, тамақ өнімдерінің көлемі (кг) көрсетіледі;
- 53) 23-бағанда ҚР-да өндірілген жарамсыз және жойылған тамақ өнімдері шикізатының көлемі (кг-мен) көрсетіледі;
- 54) 24-бағанда басқа елдерден әкелінетін жарамсыз және жойылған шикізаттың, тамақ өнімдерінің көлемі (кг-мен) көрсетіледі.
11. "Өнеркәсіп кәсіпорындарын және жұмыс аймағы ауасының жай-күйін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" кестесі мыналарды қамтиды:
- 1) 18-жолда улы химикаттар қоймалары, пестицидтерді формуляциялау жөніндегі зауыттар, пестицидтерді өндіру жөніндегі зауыттар көрсетіледі;
 - 2) 11-кестеге мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау бойынша орындалған зерттеулер енгізіледі;
 - 3) 1-бағанда объектілердің жалпы саны көрсетіледі;
 - 4) 2-бағанда тексерілген объектілердің жалпы саны көрсетіледі; 3-бағанда зерттеудің зертханалық әдістерін қолдана отырып, тексерілген объектілердің жалпы саны көрсетіледі;
 - 5) 4-бағанда бақылаудағы қауіптіліктің I және II сыныптарының жоғары эпидемиологиялық мәні бар объектілерінің саны көрсетіледі;
 - 6) 5-бағанда тексерілген объектілердің саны көрсетіледі;
 - 7) 6-бағанда зерттеудің зертханалық әдістерін қолдана отырып тексерілген объектілер саны көрсетіледі;
 - 8) 7-бағанда тексерулердің жалпы саны көрсетіледі; 8-бағанда зертханалық зерттеу кезінде ШРК артқаны анықталған объектілердің саны көрсетіледі;
 - 9) 9-бағанда ШЖК асып кеткен кезде берілген нұсқамалардың саны көрсетіледі;
 - 10) 10-бағанда мерзімінде орындалған ұйғарымдардың саны көрсетіледі;
 - 11) 11-бағанда булар мен газдарға + шаң мен аэрозольдерге зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 12) 12-бағанда нормативтік талаптарға жауап бермейтін сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 13) 13-бағанда булар мен газдарға зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 14) 14-бағанда ШРК артуымен зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 15) 15-бағанда қауіптіліктің 1-2 сыныбы заттарына зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;

- 16) 16-бағанда қауіптіліктің 1-2-сыныптарындағы зерттелген заттар сынамаларының (булар мен газдар) саны ШЖК артуымен көрсетіледі;
 - 17) 17-бағанда шаң мен аэрозольдерге зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 18) 18-бағанда ШРК артуымен зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 19) 19-бағанда қауіптіліктің 1-2-сыныптарының заттарына (шаң мен аэрозоль) зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 20) 20-бағанда қауіптіліктің 1-2-сыныптарындағы зерттелген заттар сынамаларының (булар мен газдар) саны ШЖК артуымен көрсетіледі;
 - 21) 21-бағанда пестицидтерге зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 22) 22-бағанда ШРК артуымен зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 23) 23-бағанда қауіптіліктің 1-2 сыныптарындағы заттарға зерттелген сынамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 24) 24-бағанда қауіптіліктің 1-2-сыныптарындағы заттарға ШРК-дан асатын зерттелген сынамалар саны көрсетіледі;
 - 25) 25-бағанда сотқа берілген материалдардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 26) 26-бағанда Департаменттің пайдасына шешім қабылданған материалдардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 27) 27-бағанда салынған айыппұлдардың жалпы саны көрсетіледі; 28-бағанда өндіріп алынған айыппұлдардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 28) 29-бағанда бұзушылықтарды жою туралы берілген нұсқамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 29) 30-бағанда орындалған нұсқамалардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 30) 31-бағанда жұмыстан шеттетілген адамдардың жалпы саны көрсетіледі; Түсіндірме жазбада 23- "басқалары" деген жол бойынша қандай объектілер енгізілгенін көрсету керек;
13. "Еңбек жағдайларын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" 12- кестесі мыналарды қамтиды:
- 1) 12-кестеге мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау бойынша орындалған зерттеулер енгізіледі.
 - 2) 1-бағанда жұмыс орындарында ЭМӨ деңгейлеріне жүргізілген өлшеулердің жалпы саны көрсетіледі.
 - 3) 2-бағанда ЭМӨ бойынша көрсеткіштердің артуы анықталған және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін жұмыс орындарының саны көрсетіледі.
 - 4) 3-бағанда нормативтерге жеткізілген жұмыс орындарының саны көрсетіледі
 - 5) 4-бағанда жұмыс орындарында шу деңгейіне жүргізілген өлшеулердің жалпы саны көрсетіледі.
 - 6) 5-бағанда шу деңгейі көрсеткіштерінің артуы анықталған және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін жұмыс орындарының саны көрсетіледі

- 7) 6-бағанда нормативтерге жеткізілген жұмыс орындарының саны көрсетіледі.
- 8) 7-бағанда жұмыс орындарында діріл деңгейлерін өлшеудің жалпы саны көрсетіледі.
- 9) 8-бағанда діріл көрсеткіштерінің артуы анықталған және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін жұмыс орындарының саны көрсетіледі
- 10) 9-бағанда нормативтерге жеткізілген жұмыс орындарының саны көрсетіледі.
- 11) 10-бағанда жұмыс орындарында жүргізілген микроклимат өлшеулерінің жалпы саны көрсетіледі.
- 12) 11-бағанда микроклимат көрсеткіштерінің артуы анықталған және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін жұмыс орындарының саны көрсетіледі
- 13) 12-бағанда нормативтерге жеткізілген жұмыс орындарының саны көрсетіледі.
- 14) 13-бағанда жұмыс орындарында жарық деңгейіне жүргізілген өлшеулердің жалпы саны көрсетіледі.
- 15) 14-бағанда жарықтандыру көрсеткіштерінің артуы анықталған және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін жұмыс орындарының саны көрсетіледі
- 16) 15-бағанда нормативтерге жеткізілген жұмыс орындарының саны көрсетіледі.
- 17) "ЭМӨ көздері және басқа да физикалық факторлар бар объектілерді мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" 13-кестесін толтыру бойынша түсіндірме
- 18) А бағанында зерттеу объектілерінің атауы көрсетіледі.
- 19) Б бағанында толассыз нөмірлеу көрсетіледі.
- 20) 1-бағанда ЭМӨ деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі.
- 21) 2-бағанда ЭМӨ деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі.
- 22) 3-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша ЭМӨ деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі.
- 23) 4-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша ЭМӨ деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі.
- 24) 5-бағанда ЭМӨ деңгейлерін Өлшеудің жалпы саны көрсетіледі.
- 25) 6-бағанда ЭМӨ деңгейлерін өлшеудің қанша саны көрсетіледі гигиеналық талаптарға жауап береді.
- 26) 7-бағанда ЭМӨ деңгейлерін өлшеу саны көрсетіледі мемлекеттік тапсырма.
- 27) 8-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша ЭМӨ деңгейлерін өлшеудің қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі.
- 28) 9-бағанда шу деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі.

- 29) 10-бағанда шу деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қандай Саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі.
- 30) 11-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша шу деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі.
- 31) 12-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша шу деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қандай саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі.
- 32) 13-бағанда шу деңгейін өлшеудің жалпы саны көрсетіледі.
- 33) 14-бағанда шу деңгейін өлшеудің қанша саны көрсетіледі гигиеналық талаптарға жауап береді.
- 34) 15-бағанда шу деңгейін өлшеу саны көрсетіледі мемлекеттік тапсырма.
- 35) 16-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша шу деңгейін өлшеудің қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі.
- 36) 17-бағанда діріл деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі.
- 37) 18-бағанда діріл деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қандай саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі.
- 38) 19-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша діріл деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі.
- 39) 20-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша діріл деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі.
- 40) 21-бағанда діріл деңгейін өлшеудің жалпы саны көрсетіледі.
- 41) 22-бағанда діріл деңгейін өлшеудің қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі
- 42) 23-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша діріл деңгейін өлшеу саны көрсетіледі.
- 43) 24-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша дірілдің деңгейін өлшеудің қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі.
- 44) 1-тармақтың 01-жолында жалпы саны көрсетіледі.
- 45) 1.1-тармақтың 02-жолында. өнеркәсіптік кәсіпорындар.
- 46) 1.2-тармақтың 03-жолында тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану және сауда кәсіпорындары.
- 47) 1.3-тармақтың 04-жолында коммуналдық объектілер.
- 48) 1.4-тармақтың 05-жолында тұрғын үй құрылысы аумағы.
- 49) 1.5-тармақтың 06- жолында мектепке дейінгі балалар және жалпы білім беру ұйымдары.
- 50) 1.6-тармақтың 07-жолында орта оқу орындары.
- 51) 1.7-тармақтың 08-жолында жоғары оқу орындары.

52) 1.8-тармақтың 09-жолында ЕАҰ объектілері.

53) 1.9-тармақтың 10-жолында басқа да объектілер.

14. "ЭМӨ көздері және басқа да физикалық факторлар бар объектілерді мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" 13- кестесі мыналарды қамтиды:

1) А бағанында зерттеу объектілерінің атауы көрсетіледі;

2) Б бағанында толассыз нөмірлеу көрсетіледі;

3) 1-бағанда ЭМӨ деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі;

4) 2-бағанда ЭМӨ деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

5) 3-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша ЭМӨ деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі;

6) 4-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша ЭМӨ деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

7) 5-бағанда ЭМӨ деңгейлерін Өлшеудің жалпы саны көрсетіледі;

8) 6-бағанда ЭМӨ деңгейлерін өлшеудің қанша саны көрсетіледі гигиеналық талаптарға жауап береді;

9) 7-бағанда ЭМӨ деңгейлерін өлшеу саны көрсетіледі мемлекеттік тапсырма;

10) 8-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша ЭМӨ деңгейлерін өлшеудің қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

11) 9-бағанда шу деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі;

12) 10-бағанда шу деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қандай саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

13) 11-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша шу деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі;

14) 12-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша шу деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қандай саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

15) 13-бағанда шу деңгейін өлшеудің жалпы саны көрсетіледі;

16) 14-бағанда шу деңгейін өлшеудің қанша саны көрсетіледі гигиеналық талаптарға жауап береді;

17) 15-бағанда шу деңгейін өлшеу саны көрсетіледі мемлекеттік тапсырма;

18) 16-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша шу деңгейін өлшеудің қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

19) 17-бағанда діріл деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі;

20) 18-бағанда діріл деңгейін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қандай саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

21) 19-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша діріл деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің саны көрсетіледі;

22) 20-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша діріл деңгейлерін өлшеу бойынша тексерілген объектілердің қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

23) 21-бағанда діріл деңгейін өлшеудің жалпы саны көрсетіледі;

24) 22-бағанда діріл деңгейін өлшеудің қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

25) 23-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша діріл деңгейін өлшеу саны көрсетіледі;

26) 24-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша дірілдің деңгейін өлшеудің қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

27) 1-тармақтың 01-жолында жалпы саны көрсетіледі;

28) 1.1-тармақтың 02-жолында; өнеркәсіптік кәсіпорындар;

29) 1.2-тармақтың 03-жолында тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану және сауда кәсіпорындары;

30) 1.3-тармақтың 04-жолында коммуналдық объектілер;

31) 1.4-тармақтың 05-жолында тұрғын үй құрылысы аумағы;

32) 1.5-тармақтың 06- жолында мектепке дейінгі балалар және жалпы білім беру ұйымдары;

33) 1.6-тармақтың 07-жолында орта оқу орындары;

34) 1.7-тармақтың 08-жолында жоғары оқу орындары;

35) 1.8-тармақтың 09-жолында емдеу алдын алу объектілері (бұдан әрі - ЕАО);

36) 1.9-тармақтың 10-жолында басқа да объектілер.

15. "Көрсетілетін қызметтерге, шикізат пен өнімге арналған жобалар мен материалдардың санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасы" 14- кестесі мыналарды қамтиды:

1) 1-бағанда шекті жол берілетін шығарындылар бойынша қаралған жобалардың жалпы саны көрсетіледі;

2) 2-бағанда теріс қорытынды берілген шекті рұқсат етілген шығарынды (бұдан әрі- ШРЕШ) жобаларының жалпы саны көрсетіледі;

3) 3-бағанда шекті жол берілетін төгінділер бойынша қаралған жобалардың жалпы саны көрсетіледі;

4) 4-бағанда теріс қорытынды берілген шекті рұқсат етілген төгіндісі (бұдан әрі-ШРЕТ), ШРЕШ жобаларының жалпы саны көрсетіледі;

5) 5-бағанда санитариялық-қорғау аймақтары (бұдан әрі -СҚА) бойынша қаралған жобалардың жалпы саны көрсетіледі;

6) 6-бағанда теріс қорытындылар берілген СҚА жобаларының жалпы саны көрсетіледі;

7) 7-бағанда санитариялық қорғау аймақтары бойынша қаралған жобалардың жалпы саны көрсетіледі;

8) 8-бағанда теріс қорытындылар берілген СҚА жобаларының жалпы саны көрсетіледі;

9) 9-бағанда шикізат пен өнімге қаралған жобалық материалдардың жалпы саны көрсетіледі;

10) 10-бағанда теріс қорытындылар берілген шикізат пен өнімге жобалық материалдардың жалпы саны көрсетіледі;

11) Түсіндірме жазбада 08 - "басқалар" деген жол бойынша қандай объектілер енгізілгенін көрсету керек.

16. "Иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істейтін объектілерді мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" 15- кестесі мыналарды қамтиды:

1) 1-бағанда бақылаудағылардың жалпы санының абсолюттік саны көрсетіледі.

2) 2-бағанда тексерілген объектілердің саны көрсетіледі.

3) 3-бағанда тексерулердің саны көрсетіледі.

4) 4-бағанда зертханалық-аспаптық әдістерді қолдана отырып зерттеулердің саны көрсетіледі. Аспаптық әдістердің нәтижелері "санитариялық-қорғаныш аймағына, үй-жайға, РҚБ аумағынан тыс өлшеудің орташаланған нәтижесін" енгізу болып табылады.

5) 5-бағанда зертханалық зерттеу әдістерін қолдана отырып, РЕД-дан асып кету бойынша сәйкессіздіктер саны көрсетіледі.

6) 6-бағанда пайдалану мерзімі бойынша сәйкессіздіктер саны көрсетіледі. Пайдалану мерзімі тек электрофизикалық қондырғыларға (радиологиялық жабдыққа) қатысты.

7) 7-бағанда Санитариялық қағидаларға сәйкес келмейтін объектілердің саны көрсетіледі.

8) 8-бағанда иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істейтін персоналдың жалпы саны көрсетіледі.

9) 9-бағанда жеке дозиметриямен қамтылған персоналдың саны көрсетіледі.

10) 10-бағанда алынған сәулелену дозасы бойынша 0-ден 5 миллизивертке дейінгі персонал саны көрсетіледі.

11) 11-бағанда алынған сәулелену дозасы бойынша 5-тен 20 миллизивертке дейінгі персоналдың саны көрсетіледі.

12) 12-бағанда алынған сәулелену дозасы бойынша 20-дан 100 миллизивертке дейінгі персоналдың саны көрсетіледі.

13) 13-бағанда алынған сәулелену дозасы бойынша 100-ден 200 миллизивертке дейінгі персоналдың саны көрсетіледі.

- 14) 14-бағанда 200 миллизиверттен астам алынған сәулелену дозасы бойынша персоналдың саны көрсетіледі.
- 15) 15-бағанда тексерілген жұмыс орындарының саны көрсетіледі.
- 16) 16-бағанда рұқсат етілген деңгейлерден (РЕД) асатын жұмыс орындарының саны көрсетіледі.
- 17) 17-бағанда жеке қорғану құралдарының (ЖҚҚ) саны (бар болуы) көрсетіледі.
- 18) 18-бағанда (ЖҚҚ-ға құжаттың болуы) қорғау тиімділігін растайтын құжаты бар жеке қорғаныш құралдарының саны көрсетіледі.
- 19) 19-бағанда созылмалы аурулары бар персоналдың саны көрсетіледі.
- 20) 20-бағанда созылмалы аурудың асқынуы анықталған персоналдың саны көрсетіледі.
- 21) 21-бағанда сотқа материалдар берілген объектілердің жалпы саны көрсетіледі.
- 22) 22-бағанда санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің пайдасына шешім қабылданған объектілер саны көрсетіледі.
- 23) 23-бағанда объектіге салынған айыппұлдардың саны көрсетіледі.
- 24) 24-бағанда өндіріп алынған айыппұлдар сомасы теңгемен көрсетіледі.
- 25) 25-бағанда бұзушылықтарды жою туралы объектіге берілген нұсқамалардың саны көрсетіледі.
- 26) 26-бағанда орындалған нұсқамалардың саны көрсетіледі.
- 27) 27-бағанда жұмыстан шеттетілген адамдардың саны көрсетіледі.
- 28) 01-жолда деректер 02-09-жолдар бойынша жиынтыққа тең болуы тиіс.
- 29) 02-жолда бақылауда тұрған өнеркәсіп кәсіпорындарының саны көрсетіледі.
- 30) 03-жолда бақылауда тұрған медициналық ұйымдардың саны көрсетіледі. ((МҰ) меншік нысанына қарамастан атом энергиясын пайдаланатын барлық МҰ-ны қосу (емханалар, ауруханалар, мед.орталықтар, ҒЗИ, онко.диспансерлер, ядролық медицина орталықтары, in-vivo, in-vitro зертханалары).
- 31) 04-жолда бақылауда тұрған медициналық ұйымдар кабинеттерінің рентген саны көрсетіледі. Рентген кабинеттері - бұл МҰ учаскесі, сондықтан рентген кабинеттерін МҰ уч. деп белгілеу керек. мысалы: Ақтөбе облысында медицинада барлығы РҚБ – 7/25. (7-РҚБ, 25-МҰ уч.) РҚБ-ны жалпы жинақтау кезінде 01-жолға 25 саны қосылмайды.
- 32) 05-жолда радиациялық қауіпсіздік тәуекелін білдіретін кеніштердің, карьерлер мен полигондардың саны көрсетіледі.
- 33) 06-жолда өз қызметінде иондаушы сәулелену көздерін, ядролық материалдарды пайдаланатын ғылыми-зерттеу ұйымдарының саны көрсетіледі.
- 34) 07-жолда өз қызметінде иондаушы сәулелену көздерін, ядролық материалдарды пайдаланатын орта және жоғары оқу орындарының саны көрсетіледі.
- 35) 08-жолда өз қызметінде иондаушы сәулелену көздерін, ядролық материалдарды пайдаланатын теміржол, әуе, теңіз (өзен) көлігінің саны көрсетіледі.
- 36) 09-жолда 02-08-жолдарға енгізілмеген өзге де объектілер көрсетіледі.

17. "Теміржол, авиация, өзен, теңіз көлігіндегі жолаушылар және жүк тасымалдарына байланысты объектілерді мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" 16- кестесі мыналарды қамтиды:

- 1-бағанда бақылаудағы барлық объектілердің жалпы саны көрсетіледі, бірлік;
- 2-бағанда тексерілген объектілердің саны көрсетіледі;
- 3-бағанда зерттеудің зертханалық әдістерін қолдана отырып тексерілген объектілердің саны көрсетіледі, бірлік;
- 4-бағанда объектілерді тексеру саны көрсетіледі, бірлік;
- 5-бағанда берілген нұсқамалардың саны көрсетіледі;
- 6-бағанда орындалған нұсқамалар саны көрсетіледі;
- 7-бағанда санитариялық ережелердің (СЕ) талаптарына сай емес объектілердің саны көрсетіледі;
- 8-бағанда орындалған санитариялық-химиялық зерттеулер саны көрсетіледі, бірлік;
- 9-бағанда нормативтерге сай емес зерттеулер саны көрсетіледі, бірлік;
- 10-бағанда орындалған бактериологиялық зерттеулер саны көрсетіледі, бірлік;
- 11- бағанда нормативтерге сай емес зерттеулер саны көрсетіледі, бірлік;
- 12-бағанда орындалған паразитологиялық зерттеулер саны көрсетіледі, бірлік;
- 13- бағанда нормативтерге сай емес зерттеулер саны көрсетіледі, бірлік;
- 14-бағанда шуды өлшеу жүргізілді, бірлік;
- 15- бағанда ШРЕД-дан жоғары өлшеулер саны көрсетіледі;
- 16-бағанда дірілді өлшеу жүргізілді, бірлік;
- 17-бағанда оның ішінде ШРЕД-дан жоғары, бірлік;
- 18-бағанда жүргізілген ШРЕД өлшеулер саны, бірлік;
- 19-бағанда оның ішінде ШРЕД-дан жоғары, бірлік;
- 20-бағанда жарықтандыруды өлшеу жүргізген саны көрсетіледі, бірлік;
- 21- бағанда оның ішінде ШРЕД-дан жоғары, бірлік;
- 22-бағанда орындалған радиациялық өлшеулер саны көрсетіледі;
- 23-бағанда оның ішінде нормативтерге сәйкес келмейтін өлшеулер саны көрсетіледі, бірлік;
- 24- бағанда микроклиматты өлшеу жүргізілген саны, бірлік;
- 25-бағанда оның ішінде нормативтерге сәйкес келмейтіндер саны көрсетіледі, бірлік

18. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі санитариялық-карантиндік бақылау" 17- кестесі мыналарды қамтиды:

- 1-бағанда санитариялық-карантиндік бақылаудан өткен көлік құралдарының саны көрсетіледі;
- 2-бағанда санитариялық-карантиндік бақылаудан өту кезінде санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен талаптардың бұзылуы анықталған көлік құралдарының саны көрсетіледі;

3-бағанда санитариялық-карантиндік бақылаудан өту кезінде тексерілген жолаушылар саны көрсетіледі;

4-бағанда санитариялық-карантиндік бақылаудан өту кезінде тексерілген жолаушылар қатарынан аурудың күдікті белгілері анықталған науқастардың саны көрсетіледі;

5 – бағанда санитариялық-карантиндік бақылаудан өту кезінде экипаж мүшелерінің, локомотив бригадаларының және басқа да қызметкерлердің тексерілген саны көрсетіледі;

6-бағанда санитариялық-карантиндік бақылаудан өту кезінде тексерілген экипаж мүшелерінің, локомотив бригадаларының және басқа да қызметкерлердің қатарынан аурудың күдікті белгілері анықталған науқастардың саны көрсетіледі;

7-бағанда көлік құралдарын тексеру кезінде анықталған ҚР-на келуіне тыйым салынған жүктердің саны (тонна) көрсетіледі.

19. "Санитариялық-химиялық зерттеулер" 18- кестесі мыналарды қамтиды:

А бағанында зерттеу объектілерінің атауы көрсетіледі;

Б бағанында үздіксіз нөмірлеу көрсетіледі;

1-бағанда жүргізілген зерттеулердің (талдаулардың) саны көрсетіледі;

2-бағанда жүргізілген зерттеулердің (талдаулардың) қандай саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

3-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша жүргізілген зерттеулердің (талдаулардың) жалпы саны көрсетіледі;

4-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша жүргізілген зерттеулердің (талдаулардың) қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

5-бағанда зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;

6-бағанда қанша сынама саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

7-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;

8-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша зерттелген сынамалардың қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

1-тармақтың 01-жолында жалпы саны көрсетіледі;

1.1-тармақтың 02-жолында су;

1.2-тармақтың 03-жолында атмосфералық ауа;

1.3-тармақтың 04-жолында жабық үй-жайлардың ауасы;

1.4-тармақтың 05-жолында жұмыс аймағының ауасы;

1.5-тармақтың 06-жолда топырақ;

1.6-тармақтың 07-жолында дезинфекциялық құралдар;

1.7-тармақтың 08- жолында азық-түлік өнімдері;

1.8-тармақтың 09-жолында өзге де.

20. "Пестицидтер мен нитраттардың қалдық мөлшерінің құрамын зерттеу" 19-кестесі мыналарды қамтиды:

Кестенің нөмірленуі 20-дан 19-ға өзгертілді

А бағанында зерттеу объектілерінің атауы көрсетіледі;

Б бағанында үзіліссіз нөмірлеу көрсетіледі;

1-бағанда пестицидтерге жүргізілген зерттеулердің (талдаулардың) саны көрсетіледі;

2-бағанда пестицидтерге жүргізілген зерттеулердің (талдаулардың) қандай саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

3-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша пестицидтерге жүргізілген зерттеулердің (талдаулардың) жалпы саны көрсетіледі;

4-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша жүргізілген зерттеулердің (талдаулардың) қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

5-бағанда пестицидтерге зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;

6-бағанда пестицидтерге қанша сынама мөлшері гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

7-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша пестицидтерге зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;

8-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша пестицидтерге зерттелген сынамалардың қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

9-бағанда нитраттарға зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;

10-бағанда нитраттарға сынамалардың қанша саны гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;

11-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша нитраттарға сынамалар саны көрсетіледі;

12-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша нитраттарға сынамалардың қанша саны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

1-тармақтың 01-жолында жалпы саны көрсетіледі;

1.1-тармақтың 02 -жолында су;

1.2-тармақтың 03-жолында атмосфералық ауа;

1.3-тармақтың 04-жолында жұмыс аймағының ауасы;

1.4-тармақтың 05-жолында топырақ;

1.5-тармақтың 06-жолында азық-түлік өнімдері;

1.6-тармақтың 07-жолында азық-түлік шикізаты;

1.7-тармақтың 08- жолында көкөністер, жеміс-жидектер;

1.8-тармақтың 09-жолында дәрілік шикізат;

1.9-тармақтың 10-жолында өзге де.

21. "Химиялық заттарға, полимерлік материалдар мен бұйымдарға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама" 20- кестесі мыналарды қамтиды:

- А бағанында зерттеу объектілерінің атауы көрсетіледі;
- Б бағанында үзіліссіз нөмірлеу көрсетіледі;
- 1-бағанда зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;
- 2-бағанда олардың ішінде қанша сынама гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;
- 3-бағанда зерттеулердің жалпы саны көрсетіледі;
- 4-бағанда зерттеулердің қаншасы гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі
- 5-бағанда токсикологиялық әдіспен зерттелген сынамалар саны көрсетіледі;
- 6-бағанда олардың ішінде қанша сынама гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі;
- 7-бағанда санитариялық-химиялық әдіспен зерттелген сынамалардың саны көрсетіледі;
- 8-бағанда олардың ішінде қанша сынама гигиеналық талаптарға жауап бермейтіні көрсетіледі
- 9-бағанда токсикологиялық әдісімен зерттеулер саны көрсетіледі
- 10-бағанда зерттеулердің қаншасы нормативтерге сәйкес келмейтіні көрсетіледі
- 11-бағанда санитариялық-эпидемиологиялық-химиялық әдіспен зерттеулер саны көрсетіледі;
- 12-бағанда зерттеулердің қаншасы нормативтерге сәйкес келмейтіні көрсетіледі
- 13-бағанда мемлекеттік тапсырыс бойынша зерттелген сынаманың барлығы қаншасы орындалғаны көрсетіледі;
- 14-бағанда олардың қанша сынамасы гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;
- 1-тармақтың 01-жолында жалпы саны көрсетіледі;
- 1.1-тармақтың 02-жолында химиялық заттар мен композициялар;
- 1.2-тармақтың 03-жолында тұрмыстық химия тауарлары;
- 1.3-тармақтың 04-жолында парфюмерлік-косметикалық құралдар, ауыз қуысының гигиенасы;
- 1.4-тармақтың 05-жолында тамақ өнімдерімен жанасатын полимерлік материалдар және бұйымдар
- 1.5-тармақтың 06-жолында шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау практикасында қолданылатын полимерлік материалдар мен бұйымдар
- 1.6-тармақтың 07-жолында құрылыс және конструкциялық материалдар, жиһаз;
- 1.7-тармақтың 08-жолында лак-бояу өнімдері;
- 1.8-тармақтың 09-жолында жеңіл өнеркәсіп тауарлары;
- 1.9-тармақтың 10-жолында жеке қорғаныш құралдары;
- 1.10-тармақтың 11-жолында медициналық мақсаттағы бұйымдар, дәрі-дәрмектер;
- 1.11-тармақтың 12-жолында санитариялық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдар;

- 1.12-тармақтың 13-жолында балаларға арналған балаларға арналған тауарлар;
- 1.13-тармақтың 14-жолында балаларға арналған тоқыма бұйымдары;
- 1.14-тармақтың 15-жолында балалар косметикасы;
- 1.15-тармақтың 16-жолында балалар ойындары мен ойыншықтары;
- 1.16-тармақтың 17-жолында баспа өнімдері;
- 1.17-тармақтың 18-жолында өзге де.

22. "Радиоактивті заттардың құрамына зертханалық зерттеулер" 21- кестесі мыналарды қамтиды:

1-бағанда зерттелген сынамалардың жалпы саны, "барлығы" бірлік көрсетіледі.

2-бағанда зерттелген сынамалардың/олардың ішінен рұқсат етілген деңгейлерден артуымен тиісінше "олардың артуымен" жалпы саны көрсетіледі.

3-бағанда жүргізілген зерттеулердің жалпы саны, "барлығы" бірлік көрсетіледі.

4-бағанда жүргізілген зерттеулердің "оның ішінде асыра отырып" жалпы санын жиынтықтау көрсетіледі.

5-бағанда экспресс-әдіспен жүргізілген талдаулардың, өлшемдердің жалпы саны, "барлығы" бірлік көрсетіледі.

6-бағанда жүргізілген зерттеулердің жалпы саны "оның ішінде экспресс әдіспен (нативті үлгілерден) рұқсат етілген деңгейлерден асып кету" көрсетіледі.

7-бағанда радиохимиялық әдіспен жүргізілген зерттеулердің жалпы саны, "барлығы" бірлік көрсетіледі.

8-бағанда жүргізілген зерттеулердің жалпы саны "оның ішінде химиялық экстракция әдісімен жүргізілген рұқсат етілген деңгейлерден асып кету" көрсетіледі.

9-бағанда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде сынамаларды зерттеу, "барлығы" бірлік көрсетіледі.

10-бағанда зерттелген сынамалардың жалпы саны "оның ішінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүргізілген рұқсат етілген деңгейлерден асып кету" көрсетіледі.

11-бағанда мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі зерттеулердің саны "барлығы" көрсетіледі.

12-бағанда "оның ішінде зерттеу әдісіне қарамастан, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүргізілген рұқсат етілген деңгейлерден асып кетумен" зерттеулердің жалпы саны көрсетіледі.

01-жолда 02-18-ден бастап көрсетілген барлық сандық деректердің қосындысы көрсетіледі.

02-жолда ауыз су мақсатына арналған зерттелген су үлгілері, тазарту құрылыстарынан кейінгі ұңғымадан алынған су көрсетіледі.

03-жолда ашық су көздерінен (су қоймаларынан) алынған зерттелген су үлгілері көрсетіледі.

04-жолда шаруашылық-тұрмыстық пайдалануға арналған зерттелген су үлгілері, бақылау ұңғымаларынан алынған су, тазарту құрылыстарына дейінгі бұлақ суы көрсетіледі.

05-жолда барлық тамақ өнімдерін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

06-жолда радиациялық қауіптілік сыныбын, құрылыс материалдары мен бұйымдарын, құрылыс материалдарын өндіру үшін пайдаланылатын өндіріс қалдықтарын айқындау бойынша зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

07-жолда тыңайтқыштардың барлық түрлерінің (фосфорлы, органикалық, минералды) радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер және тыңайтқыштар ретінде пайдаланылатын материалдар көрсетіледі.

08-жолда ағаш шикізаты мен ағаштан жасалған бұйымдардың радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

09-жолда отын-энергетикалық шикізаттың (көмір, мұнай, шымтезек және т.б.) радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

10-жолда табиғи шикізат пен материалдардың, сондай-ақ дәрілік және биологиялық белсенді қоспаларды (дәрілік шөптер, шайлар, шәрбаттар, бальзамдар және т.б.) өндіруге арналған дайын өнімнің радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

11-жолда темекі мен дайын өнімнің (сигареттер, сигаралар және т.б.) радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

12-жолда өсімдіктердің радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

13-жолда өндіріс және өнеркәсіп қалдықтарының (шлактар және т. б.) барлық түрлерінің радиоактивтілігін зерттеу бойынша деректер көрсетіледі

14-жолда топырақтың, құмның және т. б. радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

15-жолда табанындағы шөгінділердің радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

16-жолда атмосфералық жауын-шашын мен түсулерді зерттеу бойынша деректер көрсетіледі.

17-жолда атмосфералық жауын-шашынды, түсуді және түсетін шаңды зерттеу бойынша деректер көрсетіледі.

18-жолда жоғарыда аталған жолдарда көрсетілмеген сынамалардың радиоактивтілігін зерттеу жөніндегі деректер көрсетіледі.

01-жолда 02, 03, 04, 05, 06, 07, 08, 09, 10, 11,12,13,14,15,16,17-жолдар бойынша деректер енгізіледі.

02-жолда жерасты көздерінен, ұңғымалардан, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудан алынған су және шөлмектегі су қосылады.

03-жолда ашық көздерден (су айдындарынан) алынған су сынамалары қосылады.

04-жолда техникалық және қаттық сулардың (ауыз су мақсатына арналмаған), сарқынды сулардың сынамалары қосылады.

05-жолда тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының зерттелген сынамаларының жалпы саны енгізіледі.

08-жолда отын-энергетикалық шикізаттың (көмір, мұнай, мұнай өнімдері) сынамалары қосылады.

23. "Радиологиялық өлшеулер" 22-кестесін толтыру бойынша түсіндірме:

1-бағанда зерттелген объектілердің жалпы саны, "барлығы" бірлік көрсетіледі;

2-бағанда тексерілген объектілердің жалпы саны "олардың ішінен тиісінше рұқсат етілген деңгейлерден асып кетуімен" көрсетіледі;

3-бағанда жүргізілген өлшеулердің жалпы саны, "барлығы" бірлік көрсетіледі;

4-бағанда жүргізілген өлшеулердің саны "олардың ішінен тиісінше рұқсат етілген деңгейден асып кетуімен" көрсетіледі;

5-бағанда "барлығы" мемлекеттік тапсырыс шеңберінде зерттелген объектілердің саны көрсетіледі;

6-бағанда тексерілген объектілердің жалпы саны "оның ішінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүргізілген рұқсат етілген деңгейлерден асып кету" көрсетіледі;

7-бағанда "барлығы" мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі өлшеулер саны көрсетіледі;

8-бағанда "оның ішінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүргізілген рұқсат етілген деңгейлерден асып кету" өлшеулерінің жалпы саны көрсетіледі;

01-жолда 02-15-тен бастап көрсетілген барлық сандық деректердің қосындысы көрсетіледі;

02-жолда 03-09-дан бастап көрсетілген барлық сандық деректердің жиынтығы көрсетіледі;

03-жолда аумақта, ашық жерлерде жүргізілген өлшеулер көрсетіледі;

04-жолда үй-жайларда әлеуметтік мақсатына қарамастан жүргізілген өлшеулер көрсетіледі;

05-жолда құрылысқа бөлінген учаскелерде жүргізілген өлшемдер көрсетіледі;

06-жолда металл сынықтарын (втор шикізаты), сондай-ақ металдан жасалған бұйымдарды тексеру кезінде жүргізілген өлшеулер көрсетіледі;

07-жолда иондаушы сәулелену көздерін пайдаланатын медициналық мекемелердегі жұмыс орындарын өлшеу көрсетіледі;

08-жолда иондаушы сәулелену көздерін пайдаланатын ұйымдарда, сондай-ақ жабдықтың, көрші үй-жайлардың бетінен персоналдың жұмыс орындарына жүргізілген өлшеулер көрсетіледі;

09-жолда иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу кезінде "А" тобы персоналының сыртқы сәулелену дозасын өлшеу көрсетіледі;

10-жолда 11-14-жолдарда көрсетілген барлық сандық деректердің жиынтығы көрсетіледі;

11-жолда радон эхоляциясының топырақтан, аумақтан, сондай-ақ ашық жерлерден жүргізілген өлшеулері көрсетіледі;

12-жолда әлеуметтік мақсатына қарамастан үй-жайлардың ауасында радонның жүргізілген өлшемдері көрсетіледі;

13-жолда радон эхоляциясының жүргізілген өлшеулері топырақтан, аумақтан, құрылысқа бөлінген учаскелерден көрсетіледі;

14-жолда жұмыс аймағының ауасында және персоналдың жұмыс орындарында радонның жүргізілген өлшеулері көрсетіледі;

15-жолда иондаушы сәулелену көзінен әр түрлі жағдайларда жүргізілген немесе жоғарыда аталған жолдарда көрсетілмеген, жабдықтарға салынған сәулелердің барлық түрлерінің (альфа-, бета-, гамма -, рентген, нейтрондық) радиоактивтілігіне жүргізілген өлшеулер көрсетіледі;

2-жолда сәулеленудің деңгейін өлшеудің жалпы саны (альфа -, бета -, гамма -, рентген, нейтрондық), 2-бағанға ДУ-дан асуы қосылады;

3-жолда тұрғын үй құрылысының зерттелген аумақтарының жалпы саны енгізіледі;

4-жолда берілген өлшеу хаттамаларына сәйкес тұрғын және қоғамдық үй-жайларда жүргізіледі;

5-жолда құрылысқа тексерілген жер учаскелерінің жалпы саны, 2-бағанда-ДУ-дан асуы енгізіледі;

6-жолда объект ретінде – орындалған өлшеулердің берілген хаттамаларына сәйкес тексерілген партиялар саны, 2 – бағанда-ДУ (альфа, бета, гамма-сәулелену) артуы енгізіледі;

7-жолда 1 - бағанда – "объект" есебінен тексерілген учаскелер саны-1 рентген кабинеті/гамма – қондырғы/зертхана, 2-бағанда-ДУ артуы енгізіледі.

24. "ЭМӨ және басқа да физикалық факторларды аспаптық өлшеу" 23- кестесі мыналарды қамтиды:

А бағанында физфакторлар бойынша өлшеулер тізбесі көрсетіледі;

Б бағанында үзіліссіз нөмірлеу көрсетіледі;

1-бағанда жүргізілген өлшеулердің жалпы саны көрсетіледі;

2-бағанда жүргізілген өлшеулердің қаншасы гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

3-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша жүргізілген өлшеулердің саны көрсетіледі;

4-бағанда мемлекеттік тапсырма бойынша жүргізілген өлшеулердің қаншасы гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

1-тармақтың 01-жолында шуды өлшеудің жалпы саны көрсетіледі;

2-тармақтың 02-жолында дірілді өлшеудің жалпы саны көрсетіледі;

- 3-тармақтың 03-жолында ЭМӨ өлшемдерінің жалпы саны көрсетіледі;
- 3.1-тармақтың 04-жолында микротолқынды диапазонды өлшеу саны көрсетіледі;
- 3.2-тармақтың 05-жолында ЖЖ-диапазонын өлшеу саны көрсетіледі;
- 3.3-тармақтың 06-жолында электростатикалық өрісті өлшеу саны көрсетіледі;
- 3.4-тармақтың 07-жолында өлшеулер саны 50 Гц көрсетіледі;
- 3.5-тармақтың 08-жолында магниттік энергия ағынының тығыздығын өлшеу саны көрсетіледі;
- 3.6-тармақтың 09-жолында инфрақызыл сәулеленуді өлшеу саны көрсетіледі;
- 3.7-тармақтың 10-жолында ультракүлгін сәулеленуді өлшеу саны көрсетіледі;
- 3.8-тармақтың 11-жолында лазерлік сәулеленуді өлшеу саны көрсетіледі;
- 4-тармақтың 12-жолында жарықтандыру өлшемдерінің саны көрсетіледі;
- 5-тармақтың 13-жолында микроклиматты өлшеу саны көрсетіледі;

26. "Паразиттік аурулар ошақтарында эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізу" 25-кестесі мыналарды қамтиды:

А бағанында паразиттік, трансмиссивті және инфекциялық-тері аурулары ошақтарының атауы абсолютті цифрлармен көрсетіледі.

Б бағанында кесте жолдарының толассыз нөмірленуі көрсетіледі.

1-бағанда паразиттік, трансмиссивті және инфекциялық-тері аурулары ошақтарының жалпы саны абсолютті цифрлармен көрсетіледі.

2-бағанда тексерілген ошақтардың саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

3-бағанда зерттеудің зертханалық әдістерін пайдалана отырып, ошақтардың саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

4-бағанда ошақта зерттелген байланыста болған адамдардың жалпы саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

5-бағанда оң нәтижесі бар байланыста болған адамдардың саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

6-бағанда зерттелген су сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

7-бағанда оң нәтижемен зерттелген су сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

8-бағанда көкөністер мен жемістердің зерттелген сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

9-бағанда оң нәтижемен зерттелген көкөністер мен жемістер сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

10-бағанда зерттелген топырақ сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

11-бағанда оң нәтижемен зерттелген топырақ сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

12-бағанда зерттелген шайындылар сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

13-бағанда зерттелген шайындылар сынамаларының саны оң нәтижемен, абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

14-бағанда басқа зерттеулердің саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

15-бағанда оң нәтижесі бар басқа зерттеулердің саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

16-бағанда дезобөндеу жүргізілген ошақтардың саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

17-бағанда камералық өңдеу жүргізілген ошақтардың саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі..

27. "Трансмиссивтік паразиттік аурулардың тасығыштарына қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар" 26- кестесі мыналарды қамтиды:

А бағанында трансмиссивті паразиттік ауруларды тасымалдаушыларға қарсы дезинсекциялық іс-шаралардың атауы және олар үшін өлшеу жүйесі (га, ш.м.) көрсетіледі.

Б бағанында жолдардың толассыз нөмірленуі көрсетіледі.

1-бағанда дезинсекциялық өңдеулердің тиісті алаңы абсолютті цифрлармен көрсетіледі.

2-бағанда абсолютті цифрлармен орындалған өңдеу алаңы көрсетіледі.

28. "Дезинфекциялау режимінің сақталуын санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" 27- кестесі мыналарды қамтиды:

А бағанында денсаулық сақтау ұйымдарының атауы көрсетіледі.

Б бағанында кесте жолдарының толассыз нөмірленуі көрсетіледі.

1-бағанда объектілердің саны, бірлік, абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

2-бағанда тексерілген объектілердің саны, бірлік, абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

3-бағанда зерттеулердің саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

4-бағанда зерттелген шайындылардың саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

5-бағанда оның ішінде оң шайындылар абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

6-бағанда зерттелген ауа сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

7-бағанда оның ішінде ауаның оң сынамалары абсолюттік цифрлармен көрсетіледі..

8-бағанда басқа зерттеулердің саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

9-бағанда оның ішінде оң сынамалар абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

10-бағанда дезинфекциялау құралдарының зерттелген сынамаларының саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

11-бағанда оның ішінде дезинфекциялау құралдары сынамаларының концентрациясы бойынша абсолюттік цифрлармен сәйкес келмейтіні көрсетіледі.

29. "Медициналық-құрал-саймандар мен басқа да материалдарды стерильдеу сапасын зертханалық зерттеу"28- кестесі мыналарды қамтиды:

А бағанында денсаулық сақтау ұйымдарының атауы көрсетіледі.

Б бағанында кесте жолдарының толассыз нөмірленуі көрсетіледі.

1-бағанда объектілердің саны, бірлік, абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

2-бағанда тексерілген объектілердің саны, бірлік, абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

3-бағанда зерттелген сынамалар саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

4-бағанда оның ішінде сынаманың талаптарына жауап бермейтіндері абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

5-бағанда жасырын қанға зерттелген сынамалардың саны абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

15-бағанда оның ішінде жасырын қанға оң сынамалар абсолюттік цифрлармен көрсетіледі.

30. "Бактериологиялық зертханаларда орындалған зерттеулер" 29- кестесі мыналарды қамтиды:

1-бағанда есепті жыл ішіндегі сынамалар саны және ҰСО филиалдарының бактериологиялық зертханалары жүргізген зерттеулердің түрлері бойынша бөліністе көрсетіледі;

2-бағанда барлық сынамалар саны және нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келмейтін зерттеулер түрлері бойынша бөліністе (оң сынамалар) көрсетіледі;

3-бағанда есепті жыл ішіндегі зерттеулер саны және ҰСО филиалдарының бактериологиялық зертханалары жүргізген зерттеулердің түрлері бойынша бөліністе көрсетіледі;

4-бағанда барлық зерттеулер саны және оң сынамалар бойынша жүргізілген зерттеулердің түрлері бойынша бөліністе көрсетіледі;

5-бағанда есепті жыл ішіндегі сынамалар саны және мемлекеттік қадағалау шеңберінде ҰСО филиалдарының бактериологиялық зертханалары жүргізген зерттеулердің түрлері бойынша бөліністе көрсетіледі;

6-бағанда барлық сынамалар саны және мемлекеттік қадағалау шеңберінде анықталған нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келмейтін зерттеулер түрлері (оң сынамалар) бойынша бөліністе көрсетіледі;

7-бағанда есепті жыл ішіндегі зерттеулер саны және мемлекеттік қадағалау шеңберінде ҰСО филиалдарының бактериологиялық зертханалары жүргізген зерттеулердің түрлері бойынша бөліністе көрсетіледі;

8-бағанда барлығы зерттеулер саны және мемлекеттік қадағалау шеңберінде анықталған оң сынамалар бойынша жүргізілген зерттеулердің түрлері бойынша бөлінісінде көрсетіледі;

1-жолда жүргізілген зерттеулер саны көрсетіледі;

1.1-жолда жүргізілген барлық санитариялық-бактериологиялық зерттеулер саны көрсетіледі;

- 1.1.1-жолда жүргізілген барлық санитариялық-бактериологиялық зерттеулердің ішінде суды зерттеу саны көрсетіледі;
- 1.1.2-жолда барлық жүргізілген санитариялық-бактериологиялық зерттеулердің ішіндегі тамақ өнімдерін зерттеу саны көрсетіледі;
